



№25 (10657)

26 маусым 2025 жыл

Жаңа

zhanaomir@bk.ru

МАҢҒЫСТАУ АУДАНЫ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ӨМІР

Газет 1941 жылдың 27 желтоқсанынан шыға бастады

www.mangystaumedia.kz

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады

АПТАНЫҢ ҮЗДІК СӘТТЕРІ

Маусым айының соңғы аптасы мерейлі кездесулер мен маңызды шараларға толы болды. Бұл күндері қоғамның ер саласына серпін беретін, болашаққа сенім сыйлайтын, ел рухын көтеретін игі істер жүзеге асты. Ақ халатты абзал жандардың еңбегі еленіп, үздік түлектердің жетістігі тойланды, ал жаңа өмірге қадам басқысы келетін тұрғындарға нақты мүмкіндіктер ұсынылды.



МЕРЕЙЛІ МАРАПАТ, БІЛІМ БИГІ ЖӘНЕ ЖАҢА ҚОНЫСҚА БЕТ АЛҒАН БАСТАМАЛАР

Алдымен, ауданымызда Медицина қызметкерлері күні кең ауқымда аталып өтті. Саланың бүгінгі тірегі мен кешегі ардагерлерін бір шаңырақ астына тоғыстырған салтанатты жиын жылы лебіздер мен құрметке толы сәттерімен есте қалды. Ақ халатты жандардың қоғамдағы рөлі мен олар атқарып жүрген адал еңбектері жайлы жүрежарды сөздер айтылды. Шараға аудан әкімінің орынбасары Маралбек Сейлов, салалық мекемелердің басшылары, тәжірибелі дәрігерлер мен сала қызметкерлері қатысты.

– Денсаулық – адам бақытының бастауы. Сіздердің күн-түн демей атқарып жүрген адал еңбектеріңіз, жауапкершілік пен жанкештіліктеріңіз – нағыз ерлікке пара-пар жұмыс. Өрқашан адам жанына араша түсіп, ел алғысына бөлене беріңіздер, – деп атап өтті аудан әкімінің орынбасары өз құттықтауында.

Жиында ұзақ жылдар бойы елге қызмет еткен, бүгінде де халық игілігі үшін аянбай еңбек етіп жүрген мамандар түрлі марапаттарға ие болды. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің, облыс және аудан әкімдіктерінің, мәслихаттардың, «Аманат» партиясының, облыстық денсаулық сақтау басқармасының, аудандық орталық аурухана мен кәсіподақ ұйымының атынан алғыс хаттар мен марапаттар тапсырылды. Өсіресе, Теңдік Дәулетов, Бағаш Байжанақова және Майра Қойшыбаеваның «Еңбек ардагері» төсбелгісіне ие болуы – сала ардагерлерінің көп жылғы еңбегіне берілген әділ баға болды.

Салтанатты кеш концерттік бағдарламаға ұласып, ақ халатты жандар үшін көтеріңкі көңіл-күй мен рухани сыйға айналды. Бұл кеш медицина қызметкерлерінің ел алдындағы мәртебелі еңбектерінің тағы бір мәрте мойындалғанының дәлелі іспетті.

Аптадағы елеулі оқиғалардың бірі – білім саласындағы салтанатты сәттер. 2024-2025 оқу жылын үздік аяқтаған аудан түлектеріне арналған «Алтын белгі» төсбелгісін табыстау рәсімі өтті. Бұл – жылдар бойғы тынымсыз еңбектің, шәкірт пен ұстаз, ата-ана арасындағы сенім мен табандылықтың шынайы жемісі.

Аудан басшысы Ғалымжан Ниязов түлектерге жүрежарды тілегін арнап, олардың білім жолындағы жетістіктерін ерекше атап өтті.

– Бүгін – ерекше күн. Бұл – мектеп бітіруші түлектеріміз үшін өмірлеріндегі жаңа белестің бастауы. Биыл ауданымызда «Алтын белгіге» үміткер 17 түлек



пен «Үздік аттестатқа» үміткер 23 түлек өз білімін дәлелдеп, ұстаздары мен ата-аналарының үмітін ақтап отыр. Бұл – табандылық пен тынымсыз еңбектің жемісі, – деді Ғалымжан Мұқырұлы.

Шара барысында түлектерге төсбелгілер мен марапаттар салтанатты түрде табысталып, ата-аналар мен ұстаздарға да зор алғыс айтылды. Биыл аудан бойынша 526 оқушы мектеп бітіріп, үлкен өмірге алғашқы қадамын басты. Бұл – ауданның білім саласындағы сапалы дамуының, жас ұрпаққа жасалған сенімді инвестицияның айқын көрсеткіші.

Сондай-ақ тағы бір маңызды шаралардың бірі – халыққа нақты мүмкіндік пен таңдау ұсынған «Қоныс аудару» жәрмеңкесі болды. Мақсаты – ерікті түрде солтүстік өңірлерге көшуге ниетті азаматтарға бағдарламаның мүмкіндіктерін таныстыру, жаңа өмірге жол ашу.

Абай, Қостанай, Павлодар, Ұлытау және Солтүстік Қазақстан облыстарынан келген делегациялар тұрғындарға нақты әрі жан-жақты ақпарат ұсынды. Жәрмеңке барысында азаматтар жұмысқа орналасу, тұрғын үймен қамту, балаларды мектеп пен балабақшаға орналастыру, кәсіп бастау үшін берілетін қолдау құралдары жайлы толық мәлімет алды.

Аудан әкімі Ғалымжан Ниязов жәрмеңкеде сөйлеген сөзінде бұл бастаманың стратегиялық маңызын атап өтті.

– Солтүстік өңірлерге қоныс аудару – еліміз үшін маңызды жоба. Бұл бастама еңбек ресурстарын тең бөлуге, жұмыс күші тапшы аймақтардағы мәселелерді шешуге бағытталған. Сонымен қатар, жаңа өмір бастауға зор мүмкіндік береді, – деді әкім.

Қоныс аудару – тек басқа өңірге көшу ғана емес, жаңа бетбұрыс, жаңа бастама, жаңа өмір салты. Мемлекет тарапынан ұсынылып отырған қолдаулар тұрғындарға сенімді тірек, ал жәрмеңке – маңызды шешім қабылдауға бағытталған нақты алаңға айналды.

Маңғыстау ауданында өткен бұл үш шара – бір апта ішінде ел дамуына үлес қосып жатқан адамдардың қажырлы еңбегі мен қоғам өміріндегі оң өзгерістердің нақты көрінісі болды. Ақ халатты абзал жандардың еңбегі елеп-ескерілді, білімді ұрпақ құрметке бөленді, жаңа мекенге ұмтылған азаматтарға сенім мен қолдау ұсынылды. Маусымның соңғы аптасы – еңбек, үміт, мәртебе мен мүмкіндіктің аптасы болды.

ТҰРҒЫНДАРМЕН АШЫҚ ПІКІРЛЕСУ



Аудан әкімі Ғалымжан Ниязов жеке қабылдау өткізіп, азаматтардың әлеуметтік және тұрмыстық мәселелеріне құлақ түрді. Қабылдау барысында әрбір тұрғын өз сауалын еркін жеткізіп, нақты жауап алды.



Әзекті мәселелердің басым бөлігі – жұмысқа орналасу, әлеуметтік қолдау, баспана, құжаттандыру және жеке өтініштер тәңірегінде болды. Жеке қабылдауға келген әрбір азаматтың өтініші мұқият тыңдалып, тиісті бөлімдерге жолданды. Жауапты мамандарға нақты тапсырмалар беріліп, кейбір сұрақтар сол сәтте шешімін тапты.

Кездесу барысында Ғалымжан Мұқырұлы әрбір азаматтың талабы назардан тыс қалмайтынын атап өтті.

– Халықтың мәселесін есту, оны шешу жолында нақты жұмыс жүргізу – біз үшін маңызды. Ашық диалог пен сенімді қарым-қатынас – жергілікті атқарушы биліктің басты ұстанымы. Сондықтан да тұрғындармен жүйелі түрде жүздесіп, олардың өтінішіне жедел жауап беру – ортақ міндет, – деді ол.

Қабылдауға келген тұрғындар түрлі әлеуметтік жағдайларын бөлісіп, кейбірі кеңес сұраса, енді бірі нақты көмекке жүгінді. Тұрғындардың әр сауалы жеке қаралып, мүмкіндіктерге қарай шешімдер ұсынылды.

Айта кетейік, жұртшылықпен кері байланысты күшейтеу мақсатында азаматтарды жеке қабылдау аптаның сейсенбі күні тұрақты түрде ұйымдастырылады. Бұл – тұрғындардың билікке сенімін арттырып, екіжақты тиімді қарым-қатынасты қалыптастыруға жол ашады.

Бетті дайындаған Е.ЖҰМАҒҰЛОВА.



АДАМ. ҚОҒАМ. ЗАҢ.

«EGOVKZBOT2.0» БОТ-ПЛАТФОРМАСЫ АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ БОЙЫНША АЗАМАТТАРҒА ЖЕДЕЛ АЛҒАШҚЫ КӨМЕК

Қазіргі таңда, қызмет алушылардың мемлекеттік қызметтерді алу кезінде туындаған мәселелер бойынша уәкілетті органмен байланысын жеңілдету үшін «EgovKzBot2.0» Telegram бот-платформасы арқылы жүгініп, тез арада мәселелерін шешіп, құқықтарын қалпына келтіруде. Облыс тұрғындары, аталған бот арқылы мемлекеттік қызмет көрсету сапасына шағымдануға, сондай-ақ, азаматтардың бюрократияны төмендету және мемлекеттік қызметтердің бизнес-процестерін оңайлату жөнінде ұсыныстар жолдауына болады.

Жыл басынан бері тұрғындардан мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша 32 шағым түсті. Туындаған мәселелер бойынша, мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің жауапты қызметкерлері жедел жұмыстанып, жауап беріп келеді.

Сонымен қатар, біршама өтініш иелері мәселелерінің оң шешімін тауып, департамент қызметкерлеріне алғысын білдіруде. Солардың бірі, азамат К. жеке кабинетіндегі жеке деректердің жаңартылмағандығы және мәліметтердің толық еместігі бойынша өтінішін бот арқылы жолдаған болатын. Аталған өтініш негізінде департамент қызметкерлерінің араласуымен

азамат К-нің өтінішін толық қанағаттандырып, жауап ұсынылды. Нәтижесінде азамат К-нің жеке кабинеттегі мәліметтер жаңартылды.

Бұдан бөлек, азаматша У. бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақыны тағайындауға мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жәрдемақысын тағайындай алмай жүргендігі бойынша шағым түсті. Қызмет алушымен уақытылы кері байланыс орнатылып, бұзылған құқықтарын қалпына келтіру бағытында департаментпен «Маңғыстау облыстық мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ филиалымен бірлесіп қажетті жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде қызмет алушының жәрдемақысы тағайындалып, құқығы қалпына келтірілді.

Бүгінгі күні «EgovKzBot2.0» Telegram бот-платформасы өтініш жазған қызмет алушылардың мемлекеттік қызметтерді алу кезінде туындаған мәселелерді жедел шешу жолындағы алғашқы көмегіне айналды.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің
Маңғыстау облысы бойынша
департаменті.

Көпбалалы отбасыға берілетін мемлекеттік жәрдемақыға төрт және оданда көп бірге тұратын көмелетке толмаған, оның ішінде 23 жасқа дейінгі күндізгі бөлімде оқитын студент балалары бар отбасылар табысына қарамастан үміткер болады.



КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРҒА ТӨЛЕНЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘРДЕМАҚЫ ТУРАЛЫ

Көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақы Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына, қандастарға, сондай-ақ жәрдемақы алу құқығы Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта көзделген шетелдіктерге беріледі.

Аталған жәрдемақы 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізілген болатын. Маңғыстау облысы бойынша 2020 жылы жәрдемақы алушылар саны – 28 мыңға жуық болса, 2025 жылы – 39 мыңға жуық алушыны құрады. Айта кетерлігі, Маңғыстау облысында бала туу көрсеткіші жоғары болғандықтан, жәрдемақы алушылар саны да артып келеді.

Өтініш беруші бірге тұратын балалардың көпбалалы отбасыға жәрдемақы тағайындау туралы өтініште көрсете отырып, балалардың бірлескен тұрғылықты мекен-жайын растайды.

Ерлі-зайыптылар арасында неке (ерлі-зайыптылық) бұзылған жағдайда ата-ананың біреуімен балалардың бірге тұруы сот шешімімен расталады.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 24 мамырдағы №169 бұйрығымен бекітілген «Бала туғанда берілетін жәрдемақыны, бала күтіміне байланысты жәрдемақыны, көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақыны, наградталған анаға берілетін жәрдемақыны тағайындау және төлеуді жүзеге асыру қағидаларының» (әрі қарай - қағидалар) 8 тармағына сәйкес:

- көмелетке толмаған балалар саны, оның ішінде он сегіз жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа

толғанға дейін) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіби білім бағдарламалары бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалар саны өзгеруіне байланысты жәрдемақы мөлшері қайта есептеледі.

Егер он сегіз жастан жиырма үш жасқа дейінгі балалары күндізгі оқу нысанының білім алушылары болып табылса, жәрдемақы алушылар жыл сайын Қағидаларға 29-қосымшасына сәйкес нысан бойынша оқу орнының анықтамасын не цифрлық құжаттар сервисінен білім туралы мәліметтерді (осы Қағидаларға 29-қосымшаға сәйкес нысан бойынша анықтамада көрсетілген мәліметтер болған кезде) растайтын құжаттарды қоса бере отырып, тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорацияға өтініш береді.

Айта кететін жайт, көпбалалы отбасыға жәрдемақыны тағайындау (қайта есептеу) үшін өтініш берушінің, отбасы мүшелерінің ЖСН бойынша «электрондық үкімет» шлюзі арқылы Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту, Ғылым және жоғары білім министрліктерінің ақпараттық жүйелерінде күндізгі оқу бөлімінде оқу фактісі туралы мәліметтер алу үшін сұрау салулар қалыптастырылады.

Сұрау салуға сәйкес көрсетілген құжаттарда қамтылған ақпарат расталған кезде оқу орнының анықтамасын ұсыну талап етілмейді.

Көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақыны төлеуді тоқтатуға:

- 1) баланың қайтыс болуы;
- 2) жалпы орта, техникалық және

кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын баланы ол он сегіз жасқа толғаннан кейін оқудан шығару;

3) баланы мемлекеттің толық қамтамасыз етуіне беру;

4) өтініш берушінің көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақыны заңсыз тағайындауға алып келген анық емес мәліметтерді ұсынуы;

5) Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасында белгіленген жағдайларда ата-аналарды ата-ана құқықтарынан айыру немесе ата-ана құқықтарын шектеу, бала асырап алуды жарамсыз деп тану немесе оның күшін жою, қорғаншыларды (қамқоршыларды) өз міндеттерін атқарудан босату немесе шеттету;

6) көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақыны алушыға қатысты оның Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтату фактісінің анықталуы негіз болып табылады.

Жәрдемақы алушылар төленетін жәрдемақы мөлшерінің өзгеруіне/тоқтатылуына әкелетін барлық өзгерістер, сондай-ақ тұрғылықты жерінің (оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге кету), анкеталық деректердің, банктік деректемелердің өзгеруі туралы Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесін он жұмыс күні ішінде хабардар етуге міндетті.

Ш.АМАНЧЕВА,
зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің бас маманы.

Қоғамдағы тұрақтылық пен әділеттіліктің басты тірегі – заңның құрметтігі мен тәртіптің сақталуы. Азаматтардың құқықтық сауаты неғұрлым жоғары болса, ел ішіндегі заңсыздық пен жемқорлық соғұрлым азаяды. Бұл – адал қоғам құрудың алғы шарты.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП – ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ ТІРЕГІ

Заң – баршаға ортақ. Ол лауазымды тұлғаға да, қарапайым азаматқа да бірдей қолданылады. Сондықтан заң талаптарын орындау – тек міндет емес, бұл – әрбір адамның азаматтық жауапкершілігі. Егер әркім өз ісінің салдарын түсініп, заңды құрметтесе, қоғамда әділет үстемдік етеді.

Ал тәртіп – сенім мен сыйластықтың кепілі. Қоғамда тәртіп сақтау тек құқық қорғау органдарының ғана міндеті емес. Бұл – әр адамның ішкі санасы мен мәдениетінің көрінісі. Заңды бұзбай, өз құқығымен қатар, өзгенің де құқығына құрметпен қарау – нағыз тәртіптің өлшемі.

Адалдық – әр-ожданға қарсы келмей, әділдікті ту ету. Мемлекеттік қызметші болсын, мұғалім не кәсіпкер болсын, өз ісіне адал болса, ел де дамиды, қоғам да өседі. Адалдық – жемқорлыққа, әділетсіздік пен сатқындыққа қарсы тұратын басты қару.

«Адал қоғам» деген – жай ұран емес. Бұл – әр азаматтың бойында заңға деген құрметті, тәртіпке бағынуды, адалдықты өмір салтына айналдыру жауапкершілігін жүктейтін терең мән бар ұғым.

Сондықтан әрқайсымыз өз орнымызда заңды құрметтеп, тәртіпті сақтап, адал болуға ұмтылсақ – болашағымыз жарқын, қоғамымыз қауіпсіз әрі әділетті болары сөзсіз.

Г.БЕРІШБАЕВА,
прокурор.

2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН КАМЕРАЛДЫҚ БАҚЫЛАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

2025 жылғы 1 қаңтар мен 13 маусым аралығында камералдық бақылау аясында жалпы сомасы 362,6 млрд. теңге болатын 10 172 мемлекеттік сатып алу рәсімі қамтылды.

Бақылау нәтижесінде 859 хабарлама жолданды. Оның ішінде: 114 хабарлама – бірінші бағыт бойынша (конкурстық құжаттаманың заңдылығына қатысты);

15 хабарлама – екінші бағыт бойынша (конкурстық құжаттаманы талқылау тәртібінің заңдылығына қатысты);

432 хабарлама – бір көзден алу тәсілімен сатып алуды таңдаудың заңдылығына қатысты;

370 хабарлама – баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуларға қатысты.

Жалпы 859 хабарламаның 832-сі орындауға жіберілген нысандар тарапынан орындалды. 27 хабарлама бойынша орындау мерзімі әлі аяқталған жоқ.

Маңғыстау облысының мемлекеттік сатып алу басқармасындағы бұзушылықтар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Маңғыстау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті бірінші бағыт аясында (конкурстық құжаттаманың заңдылығы) ашық конкурс тәсілімен жарияланған №14438818-1 мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жүргізді.

«Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ үшін «KR-10 Форт-Шевченко – Таушық – Шетпе» облыстық маңызы бар автомобиль жолының 85–90 шақырымына орташа жөндеу жұмыстарына техникалық қадағалау қызметі. Сатып алу сомасы – 10 625 986 теңге. Ұйымдастырушы – «Маңғыстау облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ. Камералдық бақылау нәтижесінде №18 тәуекел профиліне сәйкес бұзушылық анықталды: ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алу барысында дұрыс емес демпингтік көрсеткіш белгілеген.



Осыған байланысты 2025 жылғы 8 сәуірде сатып алудан бас тарту туралы өтінішпен қатар, бұзушылықты жою туралы хабарлама жолданды. Ұйымдастырушы 2025 жылғы 9 сәуірде анықталған бұзушылықты жойды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Маңғыстау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті Жаңаөзен қаласы әкімдігінің «ӨзенИнвест» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорны ұйымдастырған №14524963-1 «Трактор тіркемесін сатып алу» мемлекеттік сатып алуына (сатып алу сомасы – 18 000 000 теңге) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен жүргізілген камералдық бақылау барысында құжаттаманы орналастыру тәртібінің заңдылығына қатысты бұзушылықтар анықталды.

Анықталған бұзушылықтар №13 және №21 тәуекел бейіндеріне сәйкес келеді. Яғни ұйымдастырушы: Жеке әлеуетті өнім берушіні анықтайтын сипаттамаларды көрсетіп жіберген;

Талап етілетін ұлттық немесе мемлекетаралық стандартты көрсетпеген. Осыған орай, 2025 жылғы 16 маусымда бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жіберілді. Ұйымдастырушы 2025 жылғы 17 маусымда аталған бұзушылықтарды жойды.



ӘКЕМ – АСҚАР ТАУЫМ ЕДІ...

Адамның өміріндегі ең қастерлі ұғым – өке. Өке – ұрпаққа тірек, отбасыға қамқор, тұтас әулеттің алтын діңгегі. Мен үшін де ол – сөз емес, тұтас ғұмырдың нық тіреуі еді. Сол асқар тауым – өкем, қазақ журналистикасының абыз ақсақалы, қаламы ұшталған сатира шебері Әзірбайжан Кемелұлы Қонарбаев болатын.

Өкем 1944 жылы 21 желтоқсанда Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Таушық ауылында дүниеге келіп, саналы ғұмырын ел игілігіне арнады. 1966 жылы аудандық «Жаңа Өмір» газетіне корректор болып орналасып, кейін журналист, бөлім меңгерушісі, бас редактордың орынбасары болып еңбек етті. Бұл бір ғана мекемеде 43 жыл тапжылмай қызмет ету – бүгінгі ұрпаққа үлгі етерлік еңбек ғұмыр.

Ол ҚазМУ-дің журналистика факультетін 1970 жылы аяқтады. Еңбек жолында тек қара сөзбен ғана емес, парасатты пайыммен, өткір оймен, шымшып сатирамен ел есінде қалды. Әдебиеттің сан саласына қалам тартқан қаламгер ретінде оның фельетондары мен сатиралық туындылары «Ара», «Қазақ әдебиеті», «Жас Алаш», «Егемен Қазақстан», «Ардагер», «Шмель», «Жұлдыз» секілді көптеген

беделді республикалық басылымдарда жарияланып тұрды. Оның шығармалары көркем тілмен кестеленген, халық тілімен астақан. Оқырманды бір күлдіріп, бір ойландыратын сатиралық еңбектері көпшіліктің жүрегіне жол таба білді. Оның «Ойбай ғана, құдайай», «Түрлі-түрлі тәнтанай», «Күлкі базар» атты кітаптары – сатиралық әдебиеттегі жарқын із. Бұған қоса, 70-тен астам тарихи-ғұмырнамалық очерктер мен мақалалар жазып, туған топырағының тұлғаларын ұлықтап кетті.

Марапаттары мен атақтары да мол. ҚР Мәдениет министрлігі, облыс пен аудан әкімдерінің Құрмет грамоталары мен алғыс хаттары, «Сөз сойыл» әзіл-сықақ байқауының лауреаты атағы, «Қазақстанның Құрметті журналисі», «Маңғыстау ауданының Құрметті азаматы» атағы – оның ел алдында қалдырған абы-

ройлы беделі. Өкемнің өмірінде журналистика – тек мамандық емес, жанның миссиясы еді. Оны мен бала кезімнен көріп өстім. Әр сөзінің салмағы, әр мақаласының астары терең, шындыққа суарылған болатын.

Анам марқұм Үмітай Жақсыбаева екеуі 1966 жылы отбасын құрған. Анам – Форт-Шевченко қаласының қызы, Кіші жүз, Беріштің Қаратоқайынан, атақты Құлбарак батырдың ұрпағы. Мінезі тік, әділдікке жаны жақын еді. Екеуі жарасымды өмір сүріп, сегіз бала тәрбиеледі.

Анам екеуінің сыйластықтары мақтауға тұрарлық еді. Бала кезімізде анам айтып отыратын:

«Сенің әкең бойшаң, сымбатты, сабырлы қара жігіт болатын. Бірақ тез шамданып, сосын өзі тез қайтатын. Кезінде жұрт «мына қарасираққа тисең қайтеді» деп күліп жүретін. Бірақ мен әкеңнің жырын ұнаттым» – деп тілге тиек ететін.

Екеуінің ренжіскендерінде көрмейтінбіз. Бір ауыз ауыр сөз айтпайтын. Бұл – жай ғана отбасы емес, нағыз отбасылық институттың үлгісі еді. Ол – «отбасылық қайраткер» болды. Өмірдің талай соқпағынан өтсе де, бізге соны сездірмей, бәрімізге бейбіт өмір мен білімнің жолын ашты.



Өкем мен анамның арқасында өмірдің ашысын көрмей, тек тәтті тәрбиемен өстік деп сенімді түрде айта аламын.

Ол – мен үшін жанға жылу берген мотиватор. Оның ақыл-кеңестері, сәтті сөздері, күлкі аралас кеңестері – менің ішкі жан дүниеме дем беретін қуат еді. Әр сөзінде тұздық бар, әзілмен түйреп, оймен ұқтыратын. Сол әзілінің өзі – ғибратқа толы тәрбие болатын.

Сонымен қатар орамды ойдың реформаторы. Тосыннан айтылған нақыл сөздерімен, өмірдің күрделі тұстарын қарапайым тілмен жеткізіп, бізді бағыттай білді. Ол үшін мақтану – артық емес, өйткені бұл сөздеріме мың дәлелім бар. Әр баласына бір-бір тағдырдың кілтін беріп

кеткен парасат иесі еді.

Мен өкемді еске алғанда, ең алдымен оның мейірімді, кең жүректі, ешкімнің көңілін қалдырмайтын болмысын сағынамын. Ол немерелері мен жиендеріне ерекше мейіріммен қарап, оларға өмір бойы «Ата» болып қала берді. 2024 жылы 6 желтоқсанда өмірден озған асыл өкем – менің жүрегімде мәңгілік биік тұлға. Бүгінде оның өмірі мен еңбегі – тұтас бір дәуірдің айнасы. Өке – тірі кезінде сөзбен тәрбиелейтін болса, кеткен соң ғұмырымен тәрбиелейді. Менің Өкем – дәл сондай тұлға.

Аллаберген ҚОНАРБАЕВ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Ас Карьер» ЖШС Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданындағы Ақсаз-1 кен орнында сазды жыныстарды (саздақтар, құмдақтар) және карбонатты-сазды (мергель) жыныстарды өндіруге 2025-2033 жылдарға әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған өтінім материалдары бойынша құрамында: шығарындылар нормативтерінің жобасы; қалдықтарды басқару бағдарламасы; өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы; қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары бойынша ашық жиналыс түрінде 2025 жылдың 6 тамызында сағат 11.00-де, Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шебір ауылы әкімшілігінде қоғамдық тыңдау өткізеді.

Карантиндік шаралар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар Zoom бағдарламасы арқылы өтеді. Онлайн қосылымға сілтеме:

<https://us04web.zoom.us/j/3346574462?pwd=SDRWSmwyajZkaHhZbE1uK0o1YWxHUT09&omn=78386119201>

Конференция идентификаторы: 334 657 4462, кіру коды: 5п7w67

Бастамашының мәліметтері мен байланыс деректері: «АС Карьер» ЖШС Нұрбосынов А., Мекен-жайы: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 27 шағын аудан, 37 үй, 6 пәтер (офис), БСН 160240015274; эл.адрес: karer-2000@mail.ru; байланыс телефон: 8708362889

Жоба әзірлеушісінің мәліметтері мен байланыс деректері: ЖК Есіркепова Ж.Б., адрес: Ақтау қ, 27-ша/а, 2-үй, 39-кеңсе; эл. Пошта: zhazirayess@mail.ru; телефон: 87015551683

Әсер ету аумағы: 45°18'53с.е., 57° 52'05'20,31» ш.б., 45°18'53,44» с.е., 52°05'36,93» ш.б.

Жоба материалдары www.ecoport.kz және <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/details/392799?lang=ru> сайтында орналастырылған.

Жоспарланған іс-шара туралы қосымша ақпарат алу үшін, сондай-ақ құжаттардың көшірмелерін сұрату үшін zhazirayess@mail.ru электронды поштасына және мына телефонға хабарласыңыз: +77015551683

Ескертулер мен ұсыныстар www.ecoport.kz сайтында қабылданады.

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

6 августа 2025 г., в 11.00 часов, по адресу: Мангистауская область, Мангистауский район, в акимате села Шебир ТОО «Ас Карьер» проводит общественные слушания в форме открытого собрания по Материалам к заявке на получение экологического разрешения на воздействие для месторождения Ақсаз-1 на добычу глинистых пород (суглинки, супеси) и карбонатно-глинистых (мергели) пород на 2025-2033 гг. в составе: проект нормативов допустимых выбросов; программа управления отходами; программа производственного экологического контроля; план мероприятий по охране окружающей среды.

В случае введения карантинных мер общественные слушания будут проходить посредством программы «Zoom». Ссылка на онлайн-подключение:

<https://us04web.zoom.us/j/3346574462?pwd=SDRWSmwyajZkaHhZbE1uK0o1YWxHUT09&omn=78386119201>

Идентификатор конференции: 334 657 4462, код доступа: 5п7w67

Реквизиты и контактные данные инициатора: ТОО «АС Карьер» Нұрбосынов А., Местонахождение: Мангистауская область, г.Ақтау, 27 микрорайон, 37 дом, 6 кв. (офис), БИН 160240015274; эл.адрес: karer-2000@mail.ru; контактный телефон: 8708362889

Реквизиты и контактные данные разработчика: ИП Есіркепова Ж.Б., адрес: г. Ақтау, 27 мкр, 2 дом, 39 офис; эл. почта: zhazirayess@mail.ru; телефон: 87015551683.

Территория воздействия: 45°18'53с.ш., 57° 52'05'20,31» в.д., 45°18'53,44» с.ш., 52°05'36,93» в.д.

Материалы проекта размещены на сайте www.ecoport.kz <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/details/392799?lang=ru>

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, а также запросить копии документов можно по e-mail zhazirayess@mail.ru и по тел.: +77015551683

Замечания и предложения принимаются на сайте www.ecoport.kz

№247

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«CS Energy» ЖШС «Қазақстан Республикасының Маңғыстау облысындағы Солтүстік-Батыс Шалва учаскесінде жобалық тереңдігі 3000 метр (±250 М) WSH-P1 іздеу ұңғымасын салу» жоба бойынша 2025 жылдың 31 шілде сағат 11:00 де Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Оңды ауылы мекенжайы бойынша әкімдік ғимаратында қоғамдық тыңдаулар өткізетіні туралы хабарлайды. Географиялық координаттары: 43°35'19» с.е. 52°05'58» ш.б.

Маңғыстау облысының аумағында карантиндік режим жарияланған жағдайда қоғамдық тыңдаулар Zoom интернет-платформасында бейнеконференция арқылы өтеді:

<https://us05web.zoom.us/j/89687592695?pwd=SZHZOgZf78sqd9Vm69e0mAVJ7mFpR.1>

Конференция идентификаторы ID 896 8759 2695. Қатынас коды 12345678.

Жергілікті атқарушы органның атауы және қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты адамның байланыс деректері – Маңғыстау облысы бойынша Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, бас маман – Базарбай С., s.bazarbai@mangystau.gov.kz – ескертулер мен ұсыныстар үшін.

Жоба әзірлеушісі – «SciRes» ЖШС, БСН 140240026048, Ақтау қ-сы, 9-ш.а., 18-үй, 9-кеңсе, тел.: +7701 527 4136. Тапсырыс беруші – «CS Energy» ЖШС, БСН 230640021566, Ақтау қ-сы, 15-ша, 64-үй, тел.: +7701 767 1023. Бірыңғай экологиялық порталдың және жобалық құжаттама орналасқан жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекен жайы – www.ndbecology.gov.kz; <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco>.

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

ТОО «CS Energy» объявляет, что 31 июля 2025 г. в 11 ч. по адресу Мангистауская область, Мангистауский район, с.Онды, здание акимата проводит общественные слушания по «Техническому проекту на строительство поисковой скважины WSH-P1 проектной глубиной 3000 метров (±250 м) на участке Шалва Северо-Западный в Мангистауской области Республики Казахстан». Географические координаты: Северная широта 43°35'19» Восточная долгота 52°05'58».

В случае объявления карантинного режима на территории Мангистауской области, проведение общественных слушаний будет проведено посредством видеоконференции на интернет платформе Zoom:

<https://us05web.zoom.us/j/89687592695?pwd=SZHZOgZf78sqd9Vm69e0mAVJ7mFpR.1>

Идентификатор конференции 896 8759 2695. Код доступа 12345678.

Наименование местного исполнительного органа и контактные данные лица, ответственного за организацию общественных слушаний – Управление природных ресурсов и регулирования природопользования по Мангистауской области, главный специалист – Базарбай С. s.bazarbai@mangystau.gov.kz – для замечаний и предложений.

Наименование и контактные данные разработчика – ТОО «SciRes», БИН 140240026048, г. Ақтау, 9 мкр, дом 18, офис 9, тел.: +7701 527 4136. Наименование и контактные данные заказчика - ТОО «CS Energy», БИН 230640021566, 15 мкр, дом 64, тел.: +7701 767 1023. Адрес интернет ресурса единого экологического портала и местного исполнительного органа, где размещены документация проекта - www.ndbecology.gov.kz; <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco>.

№248

МҰРАГЕРЛЕРІН ІЗДЕУ

Нотариус Ауданбаева Г.А. 2006 жылы 4 сәуірде қайтыс болған ҚОСБЕРГЕНОВ МАКСАТ КУШЕРОВИЧтің мұрагерлеріне іздеу салады. Барлық мұрагерлеріне осы хабарлама шыққан күннен бастап бір ай мерзім ішінде Маңғыстау ауданы, Шетпе селосы, Орталық ш/а №1 үй, 4 пәтер мекен-жайы бойынша орналасқан нотариус кеңсесіне хабарласуларыңызды сұрайды. Тел: 8 702 303 90 80.

Нотариус Мухамбеткаримова К.С. 2025 жылы 15 қаңтарда қайтыс болған азамат(ша) АТШЫБАЙҰЛЫ НҰРЛЫБАЙДЫН мұрагерлеріне іздеу салады. Барлық мұрагерлеріне осы хабарлама шыққан күннен бастап 1 ай мерзім ішінде Маңғыстау ауданы, Шетпе селосы, Орталық көшесі, Несібек-Нұр бизнес орталығында орналасқан, нотариус кеңсесіне хабарласуыңызды сұрайды. Тел: +7702 310 93 86.



ТАҒАЙЫНДАУ

Журда ауыл әкімдерін сайлау қорытындысымен жаңа тағайындаулар жүзеге асты. Аудандық сайлау комиссиясының шешімімен Жармыш ауылының әкімі қызметіне Заманбек Серікұлы Әнуаров, ал Оңды ауылдық округінің әкімі лауазымына қайтадан Қуаныш Жәнібекұлы тағайындалды.

АУЫЛ ӘКІМДЕРІ САЙЛАНДЫ

Аудан әкімі Ғалымжан Ниязов жаңадан сайланған ауыл әкімдерін жергілікті халыққа арнайы таныстырып, тұрғындармен кездесу өткізді. Кездесу барысында ол елді мекендердің даму қарқынын арттырып, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған жұмыстарды дереу қолға алуды тапсырды.



Әкімдерге қызметтік куәліктерді Маңғыстау аудандық сайлау комиссиясының төрағасы Лазым Жонасов табыстап, жаңа қызметтеріне табыс тіледі. Жиналған ауыл тұрғындары сайланған әкімдерге сенім білдіріп, алдағы жұмыстарына сәттілік пен нәтижелі еңбек тіледі. Олар жаңашыл бастамалар мен халыққа жақын, тиімді басқару тетіктерін күтетіндерін жеткізді.



Заманбек Серікұлы Әнуаров – мемлекеттік қызметте мол тәжірибесі бар жас маман. 2021-2022 жылдары Маңғыстау аудандық үйлестіру орталығында бас есепші, сондай-ақ экономика және қаржы, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінде бас маман қызметтерін атқарған. 2022 жылдан бастап осы мекемеде сектор меңгерушісі қызметін атқарып келді.

Қуаныш Жәнібекұлы да ауыл әкімдігі саласында үлкен тәжірибе жинаған. 2018-2021 жылдары Маңғыстау аудандық ауыл-шаруашылық бөлімінде және Шетпе мен Оңды ауылдық округтері әкімінің аппаратында бас маман болып жұмыс істеді. Ал 2021 жылдың шілде айынан бері Оңды ауылдық округінің әкімі лауазымын атқарып келеді.

Халық сенім білдірген жаңа басшылар енді жерде жергілікті тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған нақты жобаларды іске асырып, ауылдарды дамыту жолында жүйелі жұмыс жүргізетініне сеніміміз мол.

Е.ЖҰМАҒҰЛОВА.

МӘДЕНИЕТ

ЖАС ТАЛАНТАР ЖҮЛДЕЛІ

Алматы қаласында өткен «Жаз дәурен» халықаралық Абайқауынан маңғыстаулық оқушылар жүлделі оралды. Мектеп оқушылары мен жасөспірімдерге арналған байқауды «Атадан мұра» қоғамдық қоры ұйымдастырған.



Маңғыстау ауданындағы Тобанияз атындағы орта мектептің 8-сынып оқушысы Қондыбай Жайлау Махамбет Өтемісұлының «Мен – мен едім, мен едім» өлеңін мәнгерлеп оқып, бас жүлдені иеленді. Ол байқаудың суперфиналына жолдама алып, халықаралық деңгейде өнер көрсету мүмкіндігіне ие болды.

Сурет номинациясында 8-сынып оқушысы Кенжебек Құралұлы мен 10-сынып оқушысы Гүлмаржан Ықылас Орынға лайық деп танылды. Жетекшілері – Еміл Жаннұр.

Сондай-ақ Кенжебек Құралұлы күй аталымында да топ жарып, Махамбет Өтемісұлының «Жұмыр қылыш» күйін шеберлікпен орындап, бас жүлдеге ие болды. Ұстазы – Әлия Аманбаева.

– Шалғай ауылдан балаларды арнайы алып келіп, үлкен дайындықпен қатыстырдық. Облыс намысын абыроймен қорғадық, – деді жетекшілердің бірі Дариға Жұмағалиева.

Байқауға еліміздің 10 өңірінен 400-ге жуық оқушы қатысып, өнер мен білім салаларында бақ сынады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

ӨЗІМІЗДЕН ӨЗІМІЗ ҚАШПАЙЫҚ

ОЙТОЛҒАУ

Қазақ жаратылысынан бері адасып келе жатқандай көрінеді. Неге бұлай? Себебі біз көрмегенге сеніп, ұстамағанға иланып, болжамсыз байламдарға сүйеніп өмір сүреміз. Ойлануға, сараптауға, ақиқатты ақылмен таразылауға бейім емеспіз. Бейне бір бұлдыраған тұман ішінде жол іздеп, қайда бара жатқанын білмейтін жолаушыдай күй кешеміз.

Осы ойды Қазақстандағы бүгінгі ауыл тіршілігіне қатыстырып көрсеніз, шындыққа көзіңіз жетеді. Мысалы, ағаш үй. Бұл баспананы ұлттық мұрамыз деуге бола ма? Қазақты өзгелерден ерекшелендірер қандай сипаттары бар?

Бүгінде ағаш үй – өткен күннің белгісі. Ол жазда – салқын емес, қыста – жылы емес. Шатыры ашық, қабырғасы жұқа баспана ғана. Балалық шағымда үш түйеге артылған төрт қанатты киіз үйімізбен көшіп жүретінбіз. Тігуі де, жығуы да – бейнет. Қазір ондай үйде ешкім тұрмайды. Заманауи жағдайы бар тас үйлер тұрғанда, ағаш үй кімге керек? Иә, сәндік мақсатта жасап, көрме, туристік бағытта пайдаланып жүрген шеберлер бар. Бірақ соның өзін ұлттық рәміз ретінде дәріптеу, меншіктеу – асыра сілтеу.

Киіз үй, шаңырақ – тек қазаққа ғана емес, қырғыз, түрікмен, қалмақ және басқа көшпенді халықтарға да ортақ мұра. Мәселен, Қырғыз Республикасының мемлекеттік туында да шаңырақ бейнеленген. Біз де әр бұрышқа шаңырақ орнатып, дамуға қол жеткіземіз деу – бос үміт. Бұл символдық бейнелердің ғылымға, өркениетке нақты ықпалы жоқ. Оның үстіне, киіз үй жасауға қажет илген талдың өзі қазақ даласында жеткілікті болмаған.

Міне, менің өзімде де толық жабдықталған жеті қанатты ағаш үй бар. Тек әшекей ретінде сақталған. Балалықта оны безендіру – біз үшін қуаныш болса, бүгінде қажетсіз дүниеге айналды. Бұл – өмірдің өзі.

Біз шын мәнісінде алыстап, сыртқы жылтыраққа елітіп, өз болмысымыздан ажырап бара жатқан жоқпыз ба? Қазақтың тәрбиелік мәні зор, көркем тілі мен әдепті сөздерін ұмытып, жат мәдениеттің жетегінде кетіп бара жатқандаймыз. Кезінде қарапайым ауыл ақсақалдарының күнделікті тіршілігіндегі әңгімелері мен әзіздері – тәрбиенің бір көрінісі еді. Сол ортада ешкім сөзіне шамданбайтын. Шынайылық басым еді.

Бүгінде мұндай болмыс мәдениетсіздік деп бағаланады. Ал шынына келсек, бұл – қазақты тәрбиенің, ішкі мәдениеттің нағыз көрінісі. Ұлттық кодымыздан ажыраған сайын жасандылыққа ұрынамыз. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таралатын кейбір бейәдеп көріністерге тосқауыл бола алмай отырмыз. Жас ұрпақ бұдан қандай өнеге алады?

Осы орайда «мәңгірт» ұғымын еске алған жөн. Мәңгірт – өз тегінен, тілінен, ділінен, салт-дәстүрінен ажыраған, өткенінен бей-хабар, рухани тұрғыдан әлсіз адам. Бұл ұғымды әдеби айналымға енгізген – Шыңғыс Айтматов. Оның «Ғасырдан да ұзақ күн» романында мәңгірт – жаулары басына тері кигізіп, күнге қақтап, есін жоғалтқан адам ретінде сипатталады. Бірақ бұл тек физикалық азап емес, рухани ұмытшақтықтың, тамырысыздықтың бейнесі.

Өкінішке қарай, қазіргі қоғамда да осы сипаттағы жағдайлар көбейіп келеді. Өз болмысынан, төл мәдениетінен алыстау – мәңгірттенудің алғашқы белгісі. Ал бұл – ұлттық жойылуына бастар жол.

Ұлы Абай: «Халық – қалт айтпайды» дейді. Тағы бірде: «Халық кейде шалыс айтады» дегені де бар. Еңдеше, біз халқымыздың сөзін саралай отырып, дұрыс-бұрысын екшеп, шын қазақылыққа қайтып оралуымыз керек. Бұл – мәңгірттікке қарсы тұрудың жолы.

Қазақ – сөзбен тәрбиелейтін, рухпен дамитын халық. Сондықтан ұлттық тәрбиені қалпына келтіріп, қазақы мәдениетке бет бұру – бүгінгі ұрпақтың басты мұраты болуы тиіс.

Мен бұл жазбамда Атам қазақтың қамшысыз-ақ жөнге салатын, шынайы тәрбиелік негізге құрылған мәдениетін еске салуды жөн көрдім. Қолдау, қолдамау – әркімнің өз еншісінде.

Күмісбек НӨРЕШҰЛЫ,
Қызыл ауылы.

1 ШІЛДЕ – ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ

КҮЙДІҢ КҮМБІРІН ЖЕТКІЗГЕН ҚОС ШӘКІРТ

Әр баланың табиғи дарыны, бейімі мен қызығушылығы әралуан. Бірі – сахнада би билеп мың бұралады. Бірі – өлең оқып, көркем сөзге ебімен танылса, енді бірі – өн салып, әуезді үнімен көпті тамсандырады. Ал кейбір балалардың жүрегіне домбыраның қоңыр үні терең орнығып, күй арқылы өз болмысын табады. Мұндай өнерлі ұрпақ – ұлт руханиятының сарқылмас қазынасы. Сондай өнерлі шәкірттердің қатарында аудандық өнер мектебінің домбыра сыныбында білім алып жүрген Аяулым Базарбай Серікқызы мен Нәзіпа Жолдас Манарбекқызы бар.



Аяулым мен Нәзіпа 2020 жылы домбыра сыныбына қабылданған күннен бастап өнерге деген ынтасы мен жауапкершілігін көрсете білді. Күй өнерінің күрделі де терең қырларын меңгеру жолында талмай ізденіп, алға қойған мақсатына табандылықпен ұмтылып келе жатқан қос қыз бүгінде домбыра сыныбының үздік оқушыларына айналды.

Шәкірттеріміз тек мектепшілік ғана емес, аудандық, облыстық және республикалық байқауларға да белсене қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүр. Әр қатысқан сайыс – тек өнер көрсету емес, тәжірибе мен тұлғалық дамудың жаңа белесі. Аяулым мен Нәзіпа бұл мүмкіндікті толық пайдаланып, сахнада өзін-өзі еркін ұстай білетін, шебер орындаушы деңгейіне жеткен

өнерпаздар ретінде танылып келеді.

Олардың репертуарындағы күйлердің ауқымы кең. Қазақ күй өнерінің қос бағыты – шертпе және төкпе күйлерді, сонымен қатар Маңғыстау күйшілік мектебінің өзіндік орындаушылық дәстүрін шебер меңгерген. Күйлерді тек техникалық шеберлікпен емес, жүрекпен жеткізе білу – бұл нағыз күйшіге тән қасиет. Аяулым мен Нәзіпаның орындауындағы әр күй – көрерменнің жүрегіне жетіп, ұлттық өнердің қадірін ұғындырады. Олардың өнердегі жолына бағытбағдар беріп, ұстаздық мейіріммен демеп жүрген жан – Сәуле Ерболатова. Ұстаздың кәсіби шеберлігі мен шәкірт тәрбиелеудегі жауапкершілігі зор. Ұстаз бен шәкірт арасындағы үздіксіз еңбек пен сенім – биік жетістіктердің бастауы десек артық айтқандық

емес. Сәуле Ерболатованың шәкірттері тек күй шерту техникасын үйреніп қана қоймай, күйдің мәнін ұғынып, сахнада өзін нағыз өнер адамы ретінде көрсете алатын деңгейге жетуде.

Бүгінгі таңда Аяулым мен Нәзіпа – аудандық өнер мектебінің ғана емес, тұтас өңіріміздің үміт артатын жас күйшілері. Олар ұлттық өнерге деген шексіз құрметімен, еңбегімен және талантымен ерекшеленіп, өз қатарластарына үлгі болуда.

Домбыра – қазақтың киелі аспабы, ал күй – ата-бабамыздың сөзі мен сыры, мұңы мен қуанышы. Осы асыл мұраны арқалап, келер ұрпаққа жеткізуді мақсат еткен Аяулым мен Нәзіпа сынды жас өнерпаздарға сәттілік тілейміз.

М.ЖЕБЕКҰЛЫ.

<p>МЕНШІК ИЕСІ:</p>  <p>MANGYSTAÝ MEDIA</p> <p>Директор – Гүлмира ӘБИШЕВА</p> <p>Қабылдау бөлімі, тел./факс: 20-48-34, mangystau.media@mail.ru</p>	 <p>Жаңа ӨМІР</p> <p>аудандық қоғамдық-саяси газет</p> <p>Редактордың м.а. – М.ЖЕБЕКҰЛЫ Тілші – Е.ЖҰМАҒҰЛОВА</p> <p>Газет «Маңғыстау-Медиа» ЖШС Ақпарат және дизайн орталығында беттелді.</p> <p>Беттеуші дизайнер – Ш.АЯЗБАЕВА</p>	<p>Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 6.02.2013 ж. есепке қойылып, №13356-Г куәлігі берілген.</p> <p>«Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. 060005, Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А. Тел: 8 7122 458-660, 586-392.</p>  <p>Тапсырыс нөмірі: 0729 Таралымы: 355 Индекс: 65612 газет бағасы келісімді</p>	<ul style="list-style-type: none"> Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді. Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды. Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады. 	<p>АҒА РАЙЫ БОЛЖАМЫ</p> <p>26 маусым түнде: +16 күндіз: +29</p> <p>27 маусым түнде: +19 күндіз: +30</p> <p>28 маусым, жаңбыр түнде: +18 күндіз: +27</p> <p>29 маусым түнде: +18 күндіз: +27</p> <p>30 маусым түнде: +19 күндіз: +30</p>
---	---	--	--	---